**«МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М. КОЗЫБАЕВА»**

# М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың сапаны ішкі қамтамасыз ету САЯСАТЫ МЕН СТАНДАРТТАРЫ

# ПОЛИТИКА И СТАНДАРТЫ внутреннего обеспечения качества СКУ им. М. Козыбаева

**Петропавл, 2025**
**Петропавловск, 2025**

«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ

Ғылыми кеңесімен

2025 жылғы 11 7 № 8 хаттама

БЕКІТІЛДІ

«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ

Ғылыми кеңесінің төрағасы

_____Е. Исакаев

# САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ МЕН СТАНДАРТТАРЫ

## 1. Кіріспе

1.1. Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты сапаны қамтамасыз ету және сапаны үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамыту бойынша М. Қозыбаев атындағы СҚУ-да белгіленген жалпы тұрғыларды, басты принциптерді және негізгі әдістерді қамтиды.

1.2. Саясат стратегиялық менеджменттің бөлігі болып табылады және басқа құжаттармен: Университеттің миссиясымен, стратегиялық жоспарымен, академиялық саясатымен, сапаны ішкі қамтамасыз ету стандарттарымен бірге қаралады.

1.3. Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты мен стандарттары Университеттің сапаны қамтамасыз ету ішкі жүйесінің дәйекті және логикалық түрде құрылған негізі болып табылады. Жүйе тұрақты жетілдіру циклі болып саналады және сапаны дамыту мәдениетін Университет жұмысының барлық деңгейлерінде қолдайды.

1.4. Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясатының мақсаттары:
- білім беру сапасын қамтамасыз ету ішкі жүйесінің жалпы құрылымын анықтайды;
- білім беру сапасын қамтамасыз ету мен жетілдіруге мүмкіндік береді;
- өзара сенімді қолдайды және білім алушылар оқу нәтижелері мен ұтқырлығының білім беру ұлттық жүйесінің аясынан тыс танылуына көмектеседі;
- Қазақстанның білім беру кеңістігі мен Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету бойынша ақпаратты ұсынады.

1.5. М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, сабақ беру, оқыту арасындағы байланысты қамтып көрсетеді және ұлттық мәнмәтінмен қатар, жоғары оқу орын ішіндегі мәнмәтінді де ескереді.

1.6. Саясат Университеттің барлық бөлімшелерінің қатысуын жобалайтын сапаны ішкі қамтамасыз ету үдерістері мен стандарттары арқылы жүзеге асырылады.

1.7. Саясат пен стандарттардың ресми мәртебесі бар және көпшілікке Университеттің http://ku.edu.kz/ сайтында қол жетімді .

1.8. Саясат өзгермелі талаптарға сәйкес іске асырылады, бақыланады және қайта қаралады.

## 2. Анықтамалар

2.1. **Білім беру сапасы** – білім алушы білім беру қызметінің және даярлығының мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, кәсіптік стандарттарға және негізгі стейкхолдерлердің қажеттілігіне сәйкестік дәрежесін, сондай-ақ, білім беру бағдарламасының жоспарланған мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін білдіретін олардың кешенді сипаттамасы.

2.2. **Сапаны қамтамасыз ету** – белгілі бір шарттарды құру және білім беру бағдарламалары, білім беру мүмкіндіктері мен құралдары мазмұнының белгіленген мақсаттарға және талап етілетін сапа деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ететін қажетті ресурстарды бөлу үдерісі.

2.3. **Университеттің сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесі** – бұл білім беру бағдарламаларының сапасын тұрақты арттыруға және үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамытуға қажетті ЖОО ұйымдық құрылымының, ішкі құжаттаманың, көрсеткіштердің, үдерістердің және ресурстардың жиынтығы.

2.4. **Сапа мәдениеті** – бұл Университеттің барлық қызметкерлері қолдайтын сапаның негізгі қағидаларын қамтитын ұйымдастыру тәртібі. Университеттің сапа мәдениеті ескереді:

- қызметкерлердің «білім беру сапасының» ортақ анықтамасын және білім беру сапасының мәселесіне ортақ көзқарасын қалыптастыруды;
- әрбір қызметкермен тікелей оған білім беру сапасы нені білдіретінін және өз жұмыс орнында жоғары сапаға қалай қол жеткізуді түсінуді;
- құрылымдық бөлімшелермен жоғары сапаға қол жеткізудің жолдарын анықтауды және түсінуді;
- сапаны басқару мүмкіндігін айқын түсінуді, және бұл үдерістің әдістерін анықтауды.

2.5. **Стейкхолдер** – Университет қызметінің нәтижелеріне мүдделі тұлға (немесе тұлғалар тобы).

Ішкі стейкхолдерлерге Университет білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлері бойынша білім алушыларды, профессор-оқытушылар құрамын және қызметкерлерді жатқызады.

Сыртқы стейкхолдерлерге Университет түлектерді, жұмыс берушілерді, заңнамалық және уәкілетті органдарды, серіктестерді жатқызады.

2.6. **Кредит (академиялық кредит)** – білім алушының және (немесе) оқытушының (педагогтің) білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі

## 3. Сапаны қамтамасыз ету қағидалары

3.1. Университет берілетін білім сапасына және оны қамтамасыз етуге жауапты.

3.2. Университет сапаны қамтамасыз етудің келесі негізгі қағидаларын анықтайды:

- Сапаны қамтамасыз ету жоғары білім беру жүйесінің, оқу орындарының, білім беру бағдарламаларының және студенттердің түрлілігіне сәйкес келеді.
- Қызметтің нормативтік және заңнамалық талаптарға, ESG ұсынымдарына сәйкестігі.
- Университет басшылығының жетекші рөліне стратегияның, саясаттың және рәсімдердің тұтастығын қамтамасыз ету, барлық қызметкерлерді сапаны қамтамасыз ету мен арттыру қызметіне тартуды, қажетті ресурстармен қамтамасыз ету кіреді.
- Ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің қажеттіліктері мен үміттерін есепке алу, оларды білім беру сапасын қамтамасыз ету және арттыру қызметіне белсенді тарту.
- Білім алушыларға қатысты әділдік және мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету.
- Академиялық адалдықты және бостандықты, сыбайлас жемқорлыққа және кемсітушіліктің кез-келген түрлеріне төзбеушілікті қолдау.
- Үдерістер, сапа және стандарттар үшін жауапкершілікті нақты анықтау.
- Үдерістік тәсілді және тәуекел-бағдарланған ойлау қағидаларын қолдану.
- Деректер мен ақпаратты жан-жақты талдау негізінде маңызды басқарушылық шешімдерді қабылдау.
- Сапаны қамтамасыз ету жүйесін үздіксіз жетілдіру мен сапа мәдениетін дамыту үшін жағдай жасау.
- Ішкі және сыртқы тәуелсіз бақылауды қолдану.
- Сапаны қамтамасыз ету саясаттары мен стандарттарының тұрақты қайта қаралуын қамтамасыз ету.
- Мүдделі тараптар үшін ақпараттың айқындығын және қолжетімдігін қамтамасыз ету.
- Университеттің барлық қызмет бағыттарына орнықты даму қағидаттарын енгізу, академиялық сапа, әлеуметтік жауапкершілік және ресурстарды ұтымды пайдалану арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету.

3.3. Сапаны қамтамасыз ету және арттыру Университетпен іске асырылатын барлық білім беру бағдарламаларына қолданылады.

## 4. Сапаны қамтамасыз ету үшін жауапкершілік

4.1. Сапаны қамтамасыз ету және арттыру Университет басшылығы, факультеттер, кафедралар мен құрылымдық бөлімшелердің ортақ жауапкершілігі болып табылады.

4.2. ***Директорлар кеңесі*** қызметтің стратегиялық бағыттарын айқындайтын Университетті басқару органы болып табылады, Директорлар кеңесінің құзыретіне филиалдар мен өкілдіктерді құру және жабу туралы, академиялық құрылымдық бөлімшелерді құру және тарату туралы шешімдер қабылдау, білім алушыларды қабылдау рәсімдерін, оқуға ақы төлеу мөлшерлерін, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нысандары мен оларды толтыруға қойылатын талаптарды бекіту кіреді.

4.3. ***Басқарма Төрағасы – Ректор*** Университетті жалпы басқаруды жүзеге асырады, білім беру бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді, Университет қызметінің нормативтік және заңнамалық талаптарына сәйкестігіне жауапты.

4.4. ***Басқарма*** Университеттің атқарушы органы болып табылады, Университеттің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды, Басқарма білім беру

бағдарламаларын бекітуге, тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан төмен емес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын дербес айқындауға жауап береді.

4.5. ***Ғылыми кеңес*** Университеттің ғылыми, оқу, әдістемелік және тәрбие қызметі бойынша шешім қабылдайтын Университеттің өкілді органы болып табылады. Ғылыми кеңес сапаны қамтамасыз ету саясатын, академиялық саясатты, сапаны қамтамасыз ету стандарттарын, студенттерді, магистранттарды, докоранттарды оқыту нәтижелерін бағалау рәсімдерін бекітуге жауап береді.

4.6. ***Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі*** Университеттің оқу және оқу-әдістемелік жұмысын жоспарлауды, ұйымдастыруды және бақылауды қамтамасыз етеді. Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі академиялық қызметтің даму стратегиялық жоспарын, Университеттің академиялық саясатын, білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен мониторингілеу рәсімдерін әзірлеуге жауапты.

4.7. ***Ғылым және инновациялар жөніндегі Басқарма мүшесі*** ғылыми және инновациялық қызметке жалпы басшылық жасайды, ғылыми саясатты, ғылым мен инновацияларды дамыту жөніндегі стратегиялық жоспарды әзірлеу және іске асыру үшін жауап береді, жарияланымдық белсенділікті және зерттеу жобаларының нәтижелілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

4.8. ***Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі Басқарма мүшесі*** Университеттің тәрбие, мәдени және әлеуметтік қызметіне басшылық жасайды, студенттік бастамаларды дамытуға, корпоративтік мәдениет, патриотизм және азаматтық белсенділікті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты, білім алушыларды әлеуметтік қолдау және инклюзивті ортаны дамыту мәселелерін үйлестіреді.

4.9. ***Интернационалдандыру және халықаралық бағдарламалар жөніндегі Басқарма мүшесі*** Университеттің халықаралық қызметіне басшылық жасайды, интернационалдандыру стратегиясын дамыту және іске асыру үшін жауап береді, қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын, академиялық ұтқырлықты және шетелдік университеттер мен ұйымдармен серіктестік байланыстарды дамытады, Университеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруды және оның жаһандық білім кеңістігіндегі болуын қамтамасыз етеді.

4.10. ***Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі Басқарма мүшесі*** университеттің материалдық-техникалық базасы мен инфрақұрылымын дамытуды басқаруды жүзеге асырады, инфрақұрылым нысандарын тиімді басқаруға жауапты болады, цифрландыру, энергия тиімділігі және экология саласындағы заманауи шешімдерді енгізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ ғимараттар мен жабдықтарды капиталдық салу, жөндеу, пайдалану және жаңғырту үдерістерін, кампустағы қауіпсіз әрі жайлы ортаны дамыту жұмыстарын үйлестіреді.

4.11. ***Оқу-әдістемелік кеңес*** білім беру бағдарламаларын әзірлеуге сапасын арттыруға және білім беру үдерісін әдістемелік және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасының мониторингіне бағытталған жалпы Университеттік іс-шараларды анықтайды және әзірлейді.

4.12. ***Академиялық кеңес*** Университеттің академиялық қызметінің басым бағыттарын әзірлейді, Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің академиялық қызмет мәселелері бойынша өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлейді, академиялық қызметтің тиімділігін арттыру жөніндегі тетіктер мен ұсыныстарды әзірлейді.

4.13. ***Ғылыми-техникалық кеңес*** Университеттің ғылыми-білім беру саясатын анықтайды, ғылым мен білімнің бірігуіне жәрдемдеседі, білім беру бағдарламаларын жетілдіруді және оқытудың жаңа технологияларын енгізуді қамтамасыз етеді, ғылыми зерттеулер, инновациялар, оқыту және оқыту арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.

4.14. ***Академиялық комитеттер*** факультеттердің кеңестерінде сайланатын академиялық қызметті басқарудың алқалы органдары болып табылады. Академиялық комитеттер тиісті бағыт бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, мониторингілеуге және жетілдіруге жауапты.

4.15. ***Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет*** Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын және академиялық адалдық қағидаттарын қызметкерлердің сақтауын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алу және профилактикасы бойынша іс-шараларды мониторингтеу мен іске асыруды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді, сондай-ақ білім беру саласындағы заңнама мен нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу және жүзеге асыру үшін жауапты болады.

4.16. ***Ішкі аудит қызметі*** ішкі бақылау жүйелеріне, тәуекелдерді басқаруға және корпоративтік басқаруға тәуелсіз әрі объективті талдау жүргізуге, қаржылық-шаруашылық қызметтің тиімділігін және ішкі есептіліктің дұрыстығын бағалауға, сондай-ақ Университеттің процестері мен рәсімдерін жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеуге жауапты. Қызмет заңнаманың, ішкі саясаттардың және нормативтік құжаттардың сақталуына, сондай-ақ Университет ресурстары мен активтерін ұтымды пайдалануға тәуелсіз бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

4.17. ***Стратегия және даму департаменті*** Университеттің даму стратегиясын, сапаны қамтамасыз ету саясаты мен стандарттарын әзірлеуге жауап береді, стратегиялық құжаттарды орындау мониторингін, ішкі нормативтік құжаттарды басқаруды, сапаны бағалаудың сыртқы және ішкі рәсімдерін ұйымдастыру, білім беру бағдарламаларын және ішкі және сыртқы бағалау рәсімдерінің қорытындысы бойынша Университеттің қызметін жетілдіру бойынша шараларды әзірлеуді жүзеге асырады.

4.18. ***Академиялық қызмет департаменті*** білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге, мониторинг жүргізуге және бағалауға жүйелі көзқарасты қамтамасыз етуге, академиялық қызмет бойынша ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіруге, оқу-әдістемелік құжаттарды уақтылы бекітуге жауапты.

4.19. ***Цифрландыру департаменті*** білім беру үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізу үшін жағдай жасайды.

4.20. ***Ғылым департаменті*** Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға жүйелі тәсілді қамтамасыз етуге жауапты, ғылыми қызметтің нәтижелерін және ғылыми зерттеулер, инновациялар, сабақ беру және оқыту арасындағы тұрақты байланыс мониторингін қамтамасыз етеді.

4.21. ***Студенттермен жұмыс департаменті*** тәрбие жұмысы мен әлеуметтік қызметті ұйымдастыруға жүйелі тәсілді қамтамасыз етуге, білім алушыларға қатысты әділдікті және мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз етуге, академиялық адалдық және бостандық, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез-келген түрлеріне төзбеушіліктің корпоративтік мәдениетін қалыптастыруға жауапты.

4.22. ***Экономикалық жоспарлау және қаржы департаменті*** ұйымның шаруашылық қызметінің нәтижелерін бақылау және талдау және оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің ішкі шаруашылық резервтерін анықтау үшін жауапты.

4.23. ***Шаруашылық жұмыс департаменті*** Университеттің шаруашылық қызметін басқаруды жүзеге асырады, Университеттің инфрақұрылым жағдайына, қызметкерлер мен білім алушыларға салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға жауапты.

4.24. ***HR-қызмет*** персоналды іріктеу, орналастыру және дамыту үшін жауап береді, кадрлық есеп жүргізуді және кадрлық іс жүргізуді жүзеге асырады, сондай-ақ басшылық лауазымдарға кадрлық резерв қалыптастырады.

4.25. ***Bursar's Office*** Университет пен білім алушылар арасындағы қаржылық операцияларды үйлестіруді, ұйымдастыруды және бақылауды, сондай-ақ Академиялық қызмет (стипендия, жол өтемақысын төлеу) және өзге де білім беру қызметтері бөлігінде қаржы операциялары бойынша бұйрықтарды орталықтандырылған рәсімдеуді жүзеге асырады.

4.26. ***Тіркеу кеңсесі*** білім алушылардың контингентін есепке алуды және оқу жетістіктерін жүргізуді жүзеге асырады.

4.27. ***Дуальді оқыту және мансап орталығы*** білім алушылардың кәсіби практикаларын ұйымдастыруға, түлектерді жұмыспен қамтуды ұйымдастыруға, Университет түлектерін Түлектер қауымдастығына тартуға, сондай-ақ дуальді оқыту жүйелері мен мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытуға жауап береді.

4.28. ***Халықаралық кампус*** қос дипломды бағдарламаларды және Университеттің халықаралық білім беру бастамаларын іске асыруға жауап береді, қос дипломды бағдарламаларға қатысатын шетелдік және қазақстандық студенттерге академиялық және әкімшілік қолдау көрсетеді, шетелдік серіктестермен өзара әрекеттесуді үйлестіреді, сондай-ақ халықаралық инфрақұрылым мен кампус ортасын дамыту жұмыстарын жүзеге асырады.

4.29. ***Факультет деканы*** факультетке жалпы басшылық жасайды, осы Саясатты жүзеге асыруға, тиісті білім беру бағдарламаларын реттейтін стандарттар мен талаптарды орындауға жауапты.

4.30. ***Факультет кеңесі*** алқалы басқару органы болып табылады және факультеттің, кафедралардың және білім беру бағдарламаларының даму тұжырымдамасын айқындайды, факультеттің оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие қызметін үйлестіруге жауап береді.

4.31. ***Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесі*** факультет іске асыратын білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз етуге және арттыруға, сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің қажеттіліктері мен үміттерін есепке алуға, білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қызметке ББ сапасын сыртқы және ішкі бағалауды тартуға, Академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті, сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті, кемсітушіліктің кез келген нысандарына төзбеушілікті ілгерілетуге жауапты.

4.32. ***Аризона университеті мен М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің бірлескен қадағалау комитеті*** қос дипломды бағдарламалардың іске асырылуына стратегиялық басшылықты, бақылауды, бағалауды және жетілдіруді жүзеге асырады.

4.33. ***Кафедра меңгерушісі*** профессор-оқытушылар құрамының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруды жүзеге асырады. Кафедра меңгерушісі нақты білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, мониторинг жүргізуге және жетілдіруге жауапты.

4.34. ***Профессорлық-оқытушылар құрамы*** оқытушылық қызметтің, оқу-әдістемелік құжаттаманың сапасына, оқу үдерісінің тиісті білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен оқу нәтижелеріне сәйкестігіне жауапты.

4.35. ***Қабылдау және рекрутинг офисі*** кәсіби бағдар беру жұмысын жүзеге асырады, Университетке абитуриенттердің құжаттарын қабылдауды және қабылдау шарттарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ абитуриенттерді қабылдау ережелерінің ашықтығы мен сақталуына жауап береді.

4.36. ***Foundation факультеті*** одан әрі Университетке және Қазақстанның басқа жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін тыңдаушылардың білім деңгейін пәндерді тереңдетіп оқыту арқылы көтеруді қамтамасыз етеді.

4.37. ***Үздіксіз білім беру институты*** университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының және қызметкерлерінің кәсіби дамуын ұйымдастырады және оған жағдай жасайды, олардың біліктілігін арттыруға және кәсіби құзыреттерін дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ өңірдің адами капиталын дамыту мақсатында мамандарды қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды жүзеге асырады.

4.38. ***Кітапхана*** білім беру үдерісінің оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетпен қамтамасыз етілуіне жауап береді.

4.39. ***Баспасөз қызметі*** стейкхолдерлерді және көпшіліктің Университеттің қызметі және білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді.

4.40. ***Kozybayev International Office*** білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның және Университет қызметкерлерінің академиялық ұтқырлығын ілгерілетуге, сондай-ақ шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға және Университеттің халықаралық қызметін дамытуға жауап береді.

4.41. ***Инклюзивті білім беру орталығы*** мүгедектігі бар білім алушылар мен ЕББҚ бар адамдар үшін жоғары білімнің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға жауапты.

4.42. Барлық құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері бөлімшелер қызметінің белгіленген мақсаттар, міндеттер мен қызметтерге сәйкестігін қамтамасыз етуге жауапты.

Сапаны қамтамасыз ету мен арттыру үшін толық жауапкершілік Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерге, Алқалық органдар мен лауазымдық нұсқаулықтар туралы ережелерге сәйкес бөлінген.

**Сапаны ішкі қамтамасыз етуге арналған стандарттар**

## 5. Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту

***Университет білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітуге арналған рәсімдерді анықтайды. Білім беру бағдарламалары ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып, Дублин дескрипторларының негізінде қалыптастырылған оқытудың болжалды нәтижелерін қоса алғандағы қойылған мақсаттарға сай келеді. Білім бағдарламасын меңгеру нәтижесінде алынатын біліктілік нақты анықталған және жоғары білім берудегі біліктіліктің ұлттық шеңберінің белгілі бір деңгейіне, Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігіндегі біліктілік шеңберіне сәйкес келеді.***

5.1. Университет білім беру бағдарламаларын ҚР МЖМБС, кәсіби стандарттар, Ұлттық біліктілік шеңбері, салалық біліктілік шеңберлері және Университеттің даму стратегиясы талаптарына сәйкес әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етеді. Бағдарламалар құзыреттерді қалыптастыруға, күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуге және түлектердің ұлттық және халықаралық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.Білім беру бағдарламалары құрамына жетекші оқытушылар, жұмыс берушілердің өкілдері, білім алушылар және түлектер кіретін академиялық комитеттермен әзірленеді.

5.2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу академиялық комитеттер арқылы жүргізіледі және оған оқытушылар, жұмыс берушілер, білім алушылар, түлектер, салалық сарапшылар мен кәсіби қауымдастықтардың өкілдері қатысады. Бұл бағдарламалар мазмұнының

еңбек нарығының өзекті қажеттіліктеріне, мемлекеттік басымдықтарға және үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкестігін қамтамасыз етеді. Аризона университетімен бірлескен қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге Arizona International офисінің өкілдері тартылады, пәндер мен силлабустар Аризона университетінің негізгі профессорларымен келісу арқылы реттеледі. Қос дипломды білім беру бағдарламасы әзірленгеннен кейін пәндерді өзара мойындау жоспары (Articulation chart) бірлесе жасалады және тараптар білім беру бағдарламаларына енгізетін өзгерістерді ескере отырып, жүйелі түрде қайта қаралады.

5.3. Білім беру бағдарламалары модульдік принцип бойынша қалыптастырылады және құзыреттілікке негізделген әрі студентке бағдарланған тәсілдерге сүйенеді. Әзірлеу барысында болашақ мамандықтар, пәнаралық байланыс, практикаға бағытталу, цифрландыру, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен жетекші жоғары оқу орындарының серіктестік тәжірибелері ескеріледі.

5.4. Бағдарламаларды әзірлеу рәсімі түлек моделін қалыптастыруды, құзыреттер мен оқу нәтижелерін айқындауды, Университеттің ресурстарын талдауды, стейкхолдерлердің қатысуымен ішкі және сыртқы сараптама жүргізуді, сондай-ақ бағдарламалардың ESG қағидаттарына және тұрақты даму саясатына сәйкестігін бағалауды қамтиды.

5.5. Білім беру бағдарламаларының ішкі және сыртқы сараптамасы олардың сапасына, заңнама талаптарына сәйкестігіне, Университеттің стратегиялық мақсаттарына және ашықтық, академиялық адалдық пен есептілік қағидаттарына объективті бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

5.6. Университет оқытушылардың академиялық еркіндігін, білім беру бағдарламаларын бекіту және жаңарту рәсімдерінің ашықтығын, сондай-ақ олардың мазмұнын сапаны мониторингтеу, білім алушылар, түлектер және жұмыс берушілер тарапынан берілген кері байланыс және кәсіби ортадағы өзгерістерді талдау негізінде үнемі жетілдіруді қамтамасыз етеді.

5.7. Білім беру бағдарламалары кәсіби практикадан өту, академиялық ұтқырлық, сондай-ақ білім алушылардың жаһандық және мәдениетаралық құзыреттерін дамытуға бағытталған халықаралық білім беру бастамаларына қатысу мүмкіндігін көздейді. Аризона университетімен бірлескен қос дипломды білім беру бағдарламалары білім алушыларға 7-ші семестрде Study Arizona бағдарламасы бойынша Аризона университетінің негізгі кампусында оқу мүмкіндігін қарастырады.

5.8. Білім беру бағдарламаларының мақсаттарының Университеттің даму стратегиясына сәйкестігі білім беру бағдарламаларының даму жоспарларын әзірлеу және іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

5.9. Білім алушылардың оқу жүктемесі кредиттермен айқындалады. Оқу пәндерінің және кредиттердің саны жұмыс оқу жоспарларында және жеке оқу жоспарларында көрсетіледі.

5.10. Білім беру бағдарламаларын іске асыру лекциялар, семинарлар, зертханалық және жобалық жұмыстар, ғылыми-зерттеу қызметі, практика, тағылымдамалар, сондай-ақ аралық және қорытынды аттестация сияқты білім беру үдерісін ұйымдастырудың әртүрлі формалары арқылы жүзеге асырылады. Аризона университетімен бірлескен қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру Аризона университетінің пәндерін BrightSpace арнайы платформасы арқылы асинхронды онлайн оқытуды ұйымдастыруды көздейді.

5.11. Шетелдік жоғары оқу орындарымен меморандумдар мен ынтымақтастық туралы келісімдер негізінде қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу

және іске асыру Университеттің интернационалдандыру саясатының құрамдас бөлігі болып табылады.

5.12. Университет білім беру бағдарламаларының сапалы іске асырылуын қамтамасыз етеді, білім алушылардың жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуі және олардың академиялық табысын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасайды.

5.13. Білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелері бойынша біліктілік пен дәрежені беру тиісті білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Берілетін дәрежелер Ұлттық және Еуропалық біліктілік шеңберлерінің деңгейлеріне сәйкес келеді, бұл түлектердің академиялық және кәсіби танылуын қамтамасыз етеді.

5.14. Университет білім беру бағдарламаларын өзектендіру және жетілдіру мақсатында оларды жүйелі түрде қайта қарауды жүзеге асырады. Қайта қарау ішкі және сыртқы сараптама нәтижелерін, еңбек нарығын мониторингтеуді, Университеттің стратегиялық даму басымдықтарын және барлық санаттағы стейкхолдерлердің кері байланысын талдау негізінде жүргізіледі.

5.15. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, ресімдеу, сараптау, бекіту және қайта қараудың егжей-тегжейлі тәртібі «М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ-ындағы білім беру бағдарламаларын әзірлеу және ресімдеу қағидаларымен реттеледі.

5.16. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдаудың құжатталған рәсімімен, ресурстық қамтамасыз етілуін (кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық, қаржылық) бағалаумен, сондай-ақ ESG тәсілі аясында инклюзивтілік, тұрақты даму және әлеуметтік жауапкершілік мәселелерін қарастырумен сүйемелденеді.

## 6. Студентке бағытталған оқыту және үлгерімді бағалау

***Университет білім беру бағдарламаларына студентке бағытталған оқытудың үдерістерін енгізеді; оқытудың икемді траекторияларын әзірлеуді қамтамасыз етеді; уәждемені арттыруға және білім алушылардың оқу үдерісіне тартылуына жағдай жасайды; оқытудың нәтижелерін бағалаудың дәйектілігін және объективтілігін қамтамасыз етеді.***

6.1. Университет білім алушылардың автономиясын келесі бағыттар арқылы қамтамасыз етеді:

- түсінікті мақсаттар мен күтілетін оқу нәтижелерін айқындау;
- оқытудың белсенді әдістерін енгізу;
- тұлғаға бағдарланған тәсілді іске асыру;
- жеке оқу траекториясын қалыптастыру;
- білім алушыларды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тарту;
- білім алушылардың өздік жұмыстарының рөлін күшейту;
- оқытуда зерттеу тәсілін қолдану;
- оқытушылар мен студенттердің өзара құрметке және әріптестікке негізделген мәдениетін нығайту;
- студенттік өзін-өзі басқару қызметін қолдау;
- оқытудың қолайлы жағдайларын жасау.

6.2. Университет білім алушылардың жеке білім беру траекториясын таңдауы үшін келесі жағдайларды жасайды:

- оқу тілін, элективті пәндерді, оқытушыларды таңдау мүмкіндігін;
- таңдау бойынша пәндерге электрондық тіркеуді;
- жеке оқу жоспарын қалыптастыруды;

- пәндерді қайтадан оқуға арналған жазғы семестрді ұйымдастыруды.

6.3. Білім алушылар мен оқытушыларды пәндерге тіркеу академиялық күнтізбе мен Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Тіркеу үдерісін ұйымдастыру және үйлестіру Офис-регистратордың құзыретіне жатады.

Тіркеу рәсімі пәндер мен оқытушыларды таңдауда ашықтықты, объективтілікті және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге, білім алушылардың жеке оқу жоспарларын қалыптастыруға және оқытушылардың оқу жүктемесін ұтымды бөлуге бағытталған.

Тіркеуді жүргізудің егжей-тегжейлі тәртібі, оның ішінде мерзімдер, кезеңдер, тараптардың жауапкершілігі және өзгерістер енгізу тәртібі М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың Академиялық саясатында және «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің» білім беру бағдарламаларында оқитын білім алушылар үшін пәндерге және оқытушыларға тіркелу қағидаларында белгіленген.

6.4. Университет білім алушылардың өзіндік жұмысының дамуы мен мотивациясын қамтамасыз етеді, оны білім беру үдерісіндегі рөлін жүйелі түрде кеңейту арқылы жүзеге асырады:

– өзіндік жұмысқа бөлінетін сағат көлемін арттыру;
– білімді меңгерудің белсенді әдістеріне бағдарлану;
– білім алушылардың шығармашылық қызметке, оқу пәндері бойынша олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу немесе қолданбалы жұмыстар байқауларына қатысуына жағдай жасау;
– білімді бақылаудың мотивациялық факторларын пайдалану (жинақтық бағалау, рейтинг, тесттер, стандарттан тыс емтихандық рәсімдер);
– білім алушыларды оқу және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеу (стипендиялар, марапаттау);
– аудиторияда да, аудиториядан тыс та орындалатын тапсырмаларды дараландыру және оларды үнемі жаңарту.

6.5. Білім алушылардың болашақ мансабы үшін олардың үлгерімін бағалаудың маңыздылығын ескере отырып, барлық бақылау түрлерінің бағалау критерийлері мен әдістері оқу басталғанға дейін силлабустарда жарияланады және олар электронды кітапханаға орналастырылады.

6.6. Білім беру бағдарламаларын меңгеру үдерісі білімді бағалау, академиялық жетістіктерді есепке алу, келесі курстарға көшіру және қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) қалыптастырудың нақты белгіленген рәсімдерімен реттеледі.

6.7. Білімді бағалаудың негізгі қағидалары М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың Академиялық саясатында және «Білімді бағалау» рәсімінде айқындалған. Университеттің білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты академиялық адалдық, талаптардың бірізділігі, объективтілік пен әділдік, ашықтық және айқындық қағидаттарына негізделеді.

6.8. Білім алушылардың білімін бағалау үшін олардың оқу жетістіктерін есепке алудың баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі қолданылады, ол дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS жүйесіне ауыстырылады.

6.9. Білімді бағалау белгіленген рәсімдерге сәйкес жүргізіледі және ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестацияны қамтиды.

6.10. Аралық аттестация білім мен құзыреттерді бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады, оның ішінде жазбаша емтихан, шығармашылық формадағы емтихан, компьютерлік тестілеу, объективті құрылымдалған клиникалық емтихан. Конкретті өткізу формасы білім беру бағдарламасының мақсаттары мен ерекшеліктеріне қарай айқындалады.

6.11. Білім алушылардың қорытынды аттестациясы оқу нәтижелеріне қол жеткізуді кешенді бағалау мақсатында өткізіледі және білім беру бағдарламасының деңгейі мен ерекшеліктеріне сәйкес келетін нысандарда жүзеге асырылады. Қорытынды аттестация нысандары: кешенді емтихан / дипломдық жұмыс (жоба) қорғау, магистрлік немесе докторлық диссертацияны (жобаны) қорғау. Аттестациялық комиссиялардың жұмысына сыртқы стейкхолдерлер, оның ішінде жұмыс берушілер және қос дипломды бағдарламалардың серіктес жоғары оқу орындарының өкілдері тартылады.

6.12. Университет білім алушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін жағдай жасайды, басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шетелдік жоғары оқу орындарында жекелеген пәндерді оқуға мүмкіндік береді.

Ішкі немесе халықаралық академиялық ұтқырлық аясында алынған оқу нәтижелері «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ-ның формалды және формалды емес білім беру нәтижелерін тану қағидаларына сәйкес ECTS кредиттерінде танылады және қайта есептеледі.

6.13. Университет жазғы семестр барысында академиялық қарызды, академиялық айырмашылықты жоюға, оқу пәндерін қайта немесе қосымша оқуға және кредиттерді меңгеруге ақылы негізде мүмкіндік береді.

6.14. Ақылы негізде оқитын білім алушы білім беру бағдарламасының тиісті деңгейін меңгеру үшін белгіленген кредит санынан аз кредиттермен академиялық кезеңге өзінің жеке білім беру траекториясын (жеке оқу жоспарын) қалыптастыра алады, бұл ретте оқу мерзімі ұзартылады.

6.15. Білім беру бағдарламалары білім алушыларды оқу үдерісіне белсенді тартуға, сондай-ақ олардың дербестігі мен білім беру нәтижелері үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталған заманауи және тиімді оқыту әдістерін пайдалана отырып іске асырылады.

6.16. Университет ашық сабақтар, өзара қатысу шаралары, әдістемелік секциялардың және семинарлардың отырыстары, факультеттердің академиялық сапа жөніндегі кеңестерінің жұмысы, сондай-ақ мастер-класстар мен педагогикалық тәжірибе алмасудың басқа да түрлерін ұйымдастыру арқылы оқытушылардың педагогикалық әдістерін жүйелі түрде бағалап, жетілдіріп отырады.

6.17. Оқытушы мен білім алушының өзара құрметіне қатысты мәселелер Корпоративтік этика кодексінде айқындалған қағидаттар мен құндылық-этикалық нормалар арқылы реттеледі.

6.18. Декандар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары Университеттің корпоративтік этика кодексімен оқытушылар мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде таныстыруды қамтамасыз етеді.

6.19. Бірінші курсқа қабылдау кезінде эдвайзерлер білім алушыларды Академиялық саясатпен, Корпоративтік этика кодексімен және Академиялық адалдық қағидаларымен таныстыруды қамтамасыз етеді.

6.20. Университет Академиялық адалдық лигасының мүшесі болып табылады және академиялық қызметте академиялық адалдық қағидаттарын ұстанады әрі оларды академиялық ортада насихаттайды. Академиялық адалдық қағидаттарын бұзған білім алушылар мен ПОҚ үшін Университетте тәртіптік жауапкершілік белгіленген.

6.21. Академиялық адалдық қағидаттары, университет қауымдастығы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, академиялық адалдықты бұзу түрлері және олар орын алған жағдайда әкімшілік шаралар қолдану тәртібі М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың Академиялық адалдық қағидаларында айқындалады.

6.22. Университетте білім алушылардың жауапкершілігін қарастыру жөніндегі Дисциплинарлық комиссия жұмыс істейді, оның құзыреттері Білім алушылардың жауапкершілігін қарастыру жөніндегі Дисциплинарлық комиссия туралы Ережеде белгіленген.

6.23. Университет студенттердің шағымдарын қараудың жүйесін қамтамасыз етеді. Шағымдар Студенттік Үкімет, студенттік кәсіподақ комитеті, эдвайзерлер, бітіруші кафедра, деканат, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасы – Ректор деңгейлерінде қаралады. Шағымдар мен ұсыныстарды қарастыру Басқарма Төрағасы – Ректордың тікелей поштасы, қоғамдық қабылдау, виртуалды қабылдау, сондай-ақ Басқарма Төрағасы – Ректор мен Басқарма мүшелерінің белгіленген қабылдау сағаттары арқылы жүзеге асырылады.

## 7. Білім алушыларды қабылдау, үлгерімі, тану және сертификаттау

***Университет білім алушыларды қабылдау мен шығарудың рәсімдерін, оқыту нәтижелерінің мониторингін, жоғары білім беру біліктіліктерін объективті тануды, оқыту кезеңдерін және алдыңғы білімді анықтайды, жариялайды және дәйекті түрде қолданады. Университет оқуды бітірген білім алушыларды алынған біліктілікті растайтын мемлекеттік үлгідегі диплом және қосымшамен қамтамасыз етеді.***

7.1. Университетке оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар), сондай-ақ НАО «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне» жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидаларына (бұдан әрі – Университеттің қабылдау қағидалары) қатаң сәйкес жүзеге асырылады.

7.2. Университет барлық талапкерлер үшін тең және әділ жағдайлар қамтамасыз етеді, бұл ретте ашықтық, объективтілік, академиялық адалдық және кез келген белгісі бойынша кемсітушілікке жол бермеу қағидаттарын басшылыққа алады. Қабылдау рәсімдері сапалы білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақты даму қағидаттарына сәйкес келеді.

7.3. Кандидаттарды іріктеу конкурстық негізде, Ғылым және жоғары білім министрлігі белгілеген минималды талаптарды және Университеттің жоғары академиялық деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған қосымша критерийлерін ескере отырып жүзеге асырылады. Жекелеген санаттағы талапкерлер үшін (шетел азаматтары, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар, халықаралық сертификат иегерлері және т.б.) Типтік қабылдау қағидаларында және Университеттің қабылдау қағидаларында бекітілген арнайы шарттар қарастырылған.

7.4. Шығармашылық, педагогикалық және медициналық білім беру бағдарламаларына қабылдау, талапкерлердің кәсіби бейімін және таңдалған мамандық бойынша оқуға даярлығын объективті бағалау мақсатында Типтік қабылдау қағидаларында белгіленген қосымша емтихандарды ескере отырып жүзеге асырылады.

7.5. Аризона университетімен қос дипломды білім беру бағдарламаларына қабылдау Университеттің Қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады және бағдарламалардың академиялық талаптарына сәйкес келетін деңгейде шетел тілін меңгеруін тексеруді қамтиды.

7.6. Аризона университетімен бірлескен білім беру бағдарламаларына қабылдау Университеттің Қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

7.7. Университет қабылдау рәсімдерінің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз етеді: қағидалар, мерзімдер, ең төменгі талаптар және конкурстық нәтижелер туралы ақпарат Университеттің ресми ресурстарында орналастырылып, жүйелі түрде жаңартылып отырады.

7.8. Университет бірінші курс студенттерін академиялық кезеңнің басында Басқарма Төрағасы – Ректормен, деканмен және эдвайзерлермен өткізілетін міндетті кездесулер шеңберінде білім беру бағдарламасымен, оқу шарттарымен және академиялық мансап мүмкіндіктерімен таныстыруды ұйымдастырады.

7.9. Университет кәсіби бағдар беру жұмысын, контингентті қалыптастыруды, оқу үдерісін, білім алушылардың білімін бағалауды (соның ішінде қорытынды аттестацияны), оқу процесінің сапасын бақылауды, кәсіби практиканы, түлектерді жұмысқа орналастыруды қоса алғанда, білім беру процесінің барлық негізгі кезеңдерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттардың Тізілімін әзірлейді және қолдайды.

7.10. Ішкі нормативтік құжаттарда қашықтықтан оқыту бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі ережелері, сыртқы академиялық мобильділікті ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру, қысқартылған оқу нысаны кезінде оқу пәндерін қайта есептеу қағидалары айқындалады.

7.11. Оқытушылардың академиялық жетістіктері туралы ақпаратты жинау және мониторинг жүргізу ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі және жоғары оқу орнын басқарудың ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Ол мына бағыттарды қамтиды:

- ағымдағы үлгерім нәтижелерін жинау және мониторинг жүргізу;
- аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін жинау және мониторинг жүргізу;
- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері мен олардың мансаптық өсуі туралы ақпаратты жинау және мониторинг жүргізу;
- студенттердің және жұмыс берушілердің білім беру сапасына қанағаттанушылығын мониторингтеу.

Мониторинг нәтижелері негізінде жүзеге асырылатын кейінгі іс-әрекеттер ішкі нормативтік ережелермен айқындалады.

7.12. Оқытушылардың корпоративтік мәдениетті сақтауы ішкі еңбек тәртібі қағидалары және Корпоративтік этика кодексінің ережелері арқылы қамтамасыз етіледі.

7.13. Оқытушылардың еңбегі мен академиялық жетістіктерін мойындау академик Манаш Қозыбаев грантын тағайындау, сондай-ақ оқу ақысына жеңілдіктер беру арқылы жүзеге асырылады. Гранттарды және жеңілдіктерді тағайындау тәртібі академик Манаш Қозыбаев атындағы грант туралы ережемен және «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде ақылы негізде білім алатындарға жеңілдіктер беру тәртібі» туралы ережемен реттеледі.

7.14. Жоғары білім беру біліктіліктерін, оқу кезеңдерін және алдыңғы білімді, оның ішінде бейресми білім беруді объективті түрде тануды қамтамасыз ету мақсатында Университет:

- мойындау жөніндегі Лиссабон конвенциясының талаптарына сәйкес жұмыс істейді;
- Қазақстан Республикасында шетелдік білім туралы құжаттарды тану рәсімін іске асыратын уәкілетті орган болып табылатын ҚР ҒЖБМ Ұлттық жоғары білім беру даму орталығымен ынтымақтастық жасайды.

7.15. Академиялық мобильдік аясында басқа қазақстандық немесе шетелдік оқу орындарында алынған біліктіліктерді тану Манаш Қозыбаев атындағы СҚУ-да формалды және бейресми білім беру нәтижелерін тану жөніндегі комиссияның қызметі туралы бекітілген Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

7.16. Білім беру бағдарламасы бойынша оқуын аяқтаған білім алушыларға тиісті дәрежесі беріледі және үлгілік қосымшасы (транскрипт) бар университеттің өз үлгісіндегі диплом, сондай-ақ Еуропалық дипломға қосымша (European Diploma Supplement) табысталады. Құжаттарда оқыту нәтижелері, білімнің мазмұны мен контексті, алынған білімнің мәртебесі және оны аяқтау туралы мәліметтер көрсетіледі.

7.17. Университет оқу барысында кәсіби сертификациядан өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

7.18. Қабылдау, бағалау, тану және бітіру рәсімдерінің барлығы өзекті күйде сақталады және Университеттің веб-сайтындағы «Ішкі нормативтік құжаттар тізілімі» бөлімінде білім алушыларға қолжетімді.

## 8. Оқытушылар құрамы

***Оқытушы сапалы білім беруді қамтамасыз етуде және білім алушылардың білім, құзіреттіліктер мен дағдыларды меңгеруді қамтамасыз етуде шешуші тұлға болып табылады. Университет жұмысқа қабылдаудың, меритократияның принципіне сәйкес барлық қызметкерлердің кәсіптік өсуі мен дамуының айқын рәсімдерін анықтайды, жариялайды және қолданады.***

8.1. Университет өз қызметкерлерінің сапасы мен олардың тиімді жұмыс істеуіне жағымды жағдай жасау үшін жауапты.

8.2. ПОҚ пен қызметкерлерді дамыту мақсатында Университет қызметкерлермен жұмыс істеу саласындағы үздік тәжірибе есебімен кадрлық басқарудың амалдарын, тәсілдері мен құралдарын біріктіретін және қызметкерлерді басқару саласындағы Университеттің ортақ амалы мен құндылықтар жүйесін қалыптастыратын кадрлық саясатты қамтамасыз етеді. Оқытушылардың әлеуетін дамыту бойынша университеттің қызметі студентке бағытталған оқытуға сәйкес оның рөлін өзгертуге бағытталған.

8.3. Университет Кадрлық саясаттың келесі негізгі қағидаларын анықтайды:
- заңдылық – жұмысқа қабылдау кезінде және кәсіби қызмет барысында қызметкерлердің құқықтарын сақтау; кадр мәселелерін шешуде құқықтық талаптар мен рәсімдерді мүлтіксіз сақтау.;
- жүйелілік – саясаттың барлық құрамдас элементтерін өзара әрекеттестікте қарастыру;
- негізділік – максималды экономикалық және әлеуметтік әсерді қамтамасыз ете алатын қызметкерлерді басқару саласындағы заманауи ғылыми зерттемелерді қолдану;
- адами ресурстарды дамыту принципі – бұл ұйым қызметкерлерінің жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында олардың жеке басын жан-жақты дамытудың кешенді және үздіксіз процесі;
- жариялылық – басқару процесінің барлық кезеңдеріндегі ашықтық;
- меритократия – жетекші лауазымдарда әлеуметтік тегі мен қаржылық ауқатына қарамастан ең қабілетті адамдар болу қажеттігіне сәйкес басқару қағидасы.

8.4. Оқытудың маңыздылығын тани отырып, Университет қызметкерлерді жқмысқа қабылдаудың, лауазымға тағайындаудың, бос қызмет орындарына орналасудың, қызмет бойынша жоғарылаудың, қызметтен босатудың айқын, ашық және объективті критерийлерән әзірлейді және оларды меритократия қағидасына сәйкес қолданады.

8.5. Университет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлердің лауазымдық біліктілік сипаттамаларын дербес айқындайды, профессорлық-оқытушылық құрам мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарын конкурстық негізде ауыстыру қағидаларын Директорлар кеңесінде әзірлейді және бекітеді. Қос дипломды бағдарламаларды іске асыруға қатысатын профессорлық-оқытушылық құрам үшін

халықаралық талаптар мен мұндай бағдарламалардың ерекшеліктерін ескеретін біліктілік сипаттамалары белгіленеді.

8.6. Профессорлық-оқытушылық құрамды қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады. Конкурс өткізу туралы ақпарат және профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымының болуы Университеттің ресми сайтында құжаттарды қабылдау аяқталған күнге дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын орналастырылады. Ақпаратқа бос лауазымның атауы, біліктілік сипаттамалары, қажетті құжаттар тізімі және оларды ұсыну мерзімі кіреді.

8.7. Профессорлық-оқытушылық құрамның бос лауазымдарына ұсынылған өтінімдерді қарау әкімшілік-басқару персоналы мен профессорлық-оқытушылық құрам өкілдерінен құралған конкурстық комиссия арқылы жүзеге асырылады. Комиссия жұмысының нәтижелері бойынша Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорына еңбек шартын жасасу мүмкіндігі туралы ұсыным қалыптастырылады.

8.8. Университет профессорлық-оқытушылық құрамның мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндіктер қамтамасыз етеді, жыл сайын біліктілікті арттыру жоспарын әзірлеп, жүзеге асырады. Университет ППҚ үшін үш жылда бір рет міндетті түрде біліктілікті арттыруды қамтамасыз етеді.

8.9. Талантты және білікті қызметкерлерді дамыту, сақтау және ілгерілету мақсатында Университет басшылық лауазымдарға арналған кадрлық резерв жүйесін құрып, қолдайды.

8.10. Оқытушыларға «оқытушы-зерттеуші» біліктілігін алу мүмкіндігі беріледі, ол *ғылыми басылымдардағы жарияланымдар нәтижелері және ғылыми қызметті қаржыландыруға өтінімдер беру негізінде профессорлық-оқытушылар құрамын және қызметкерлерді көтермелеу шаралары туралы Ережеге сәйкес – «оқытушы-зерттеуші» біліктілігін енгізу* талабына сай жүзеге асырылады.

8.11. Университетте профессорлық-оқытушылар құрамының, ғылыми және әкімшілік қызметкерлердің оң мотивациясын қалыптастыру және нәтижелі жұмысына ынталандыру мақсатында моральдық және материалдық көтермелеу жүйесі қолданылады. Сыйақылардың тәртібі, критерийлері мен түрлері «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ қызметкерлерін көтермелеу жүйесі туралы Ережеде айқындалған.

8.12. Оқытушылар «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ постдокторантура туралы Ережеге сәйкес «постдокторант» мәртебесін алу үшін өтінім бере алады.

8.13. Университет білім беру, ғылыми және әкімшілік қызметті жүзеге асыруға талантты қызметкерлерді тарту, білім беру бағдарламаларының ғылымилығын арттыру және сырттан тәжірибе алмасу үшін қажетті жағдайлар жасайды. Осы бағдарлама бойынша қабылдау ережелері «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне талантты қызметкерлерді тарту туралы Ережеде» сипатталған.

8.14. Университет қызметкерлер мен олардың отбасылары үшін қолайлы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасайды. Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлері отбасылық жатақхана алу, бассейнге жеңілдікпен бару, сондай-ақ отбасы мүшелеріне арналған жеңілдіктерді пайдалану мүмкіндігіне ие.

8.15. Университет профессорлық-оқытушылық құрамының академиялық ұтқырлығын дамыту және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ағылшын тілін меңгеру мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

8.16. Интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықтарды басқару жүйесін дамыту, оларды құқықтық қорғауды қамтамасыз ету және инновациялық белсенділікті ынталандыру

мақсатында Университет Зияткерлік меншік комитетінің қызметін құрады және қолдайды. Комитеттің жұмысы Зияткерлік меншік комитеті туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

8.17. Ғылыми және зерттеу этикасы қағидаттарын сақтау, зерттеу қатысушыларының құқықтарын қорғау және адал ғылыми тәжірибелердің халықаралық стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында Университетте ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия жұмыс істейді. Комиссияның қызметі «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіндегі ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы Ережемен» реттеледі.

8.18. Университетте жеке еңбек дауларын объективті қарастыру үшін келісім комиссиясы жұмыс істейді.

8.19. Университетте еңбек тәртібін, корпоративтік мәдениетті және кәсіби мінез-құлық нормаларын сақтау мақсатында қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі шараларының жүйесі қолданылады. Тәртіптік жаза шараларын қолдану тәртібі «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану қағидаларымен реттеледі.

8.20. Университетте этикалық мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру, мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу, академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаттарын сақтау мақсатында Этика жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Комиссияның қызметі «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Этика жөніндегі комиссия туралы Ережемен реттеледі.

8.21. Білім беру мен ғылыми зерттеулердің өзара байланысын нығайту мақсатында Университет академиялық құрамның ғылыми қызметін келесі бағыттар бойынша ынталандырады:

- ғылыми мектептер мен ғылыми ұжымдарды құру және олардың жұмысын қамтамасыз ету;
- ғылыми қызметті ынталандыру жүйесін енгізу және ғылыми оқиғалар туралы тұрақты ақпараттандыру;
- ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу;
- халықаралық ғылыми дерекқорлар мен электрондық ғылыми журналдарды пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- ғылыми ұстанымдарды ғылыми алаңдарда ұсынуға жәрдемдесу, соның ішінде ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысу, журналдарда жарияланымдар жасау;
- ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігін жоспарлау және мониторинг жүргізу.

8.22. Университет оқытудың инновациялық әдістерін енгізу және озық білім беру технологияларын пайдалану үшін жағдай жасайды:

- қазақстандық және шетелдік ұйымдарда инновациялық әдістер мен технологиялар саласында оқытушылардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- семинарлар мен мастер-кластар аясында жаңа әдістер мен технологияларды енгізу тәжірибесін тарату;
- оқу үдерісін заманауи жабдықтармен және бағдарламалық қамтамасыз етумен қамтамасыз ету;
- инновацияларды енгізу және белсенді оқыту әдістерін қолданудың нәтижелілігі мен тиімділігін мониторингтеу.

## 9. Оқу ресурстары мен білім алушыларды қолдау жүйесі

***Университет оқу ресурстарының және білім алушыларды қолдау қызметінің жеткілікті, қол жетімді және мақсаттарға тиісті болуын қамтамасыз етеді. Оқу ресурстарын бөлу, жоспарлау және қамтамасыз ету кезінде Университет білім алушылардың әр түрлі топтарының сұранысын ескереді.***

9.1. Университет инфрақұрылымы университеттік кампус мәртебесіне ие біртұтас кешен болып табылады және оған оқу корпустары, оқу-зертханалық кешен, мультимедиялық аудиториялар, нақты-виртуалды зертханалар, компьютерлік сыныптар, спорт залдары, бассейн, жатақханалар, оқу-өндірістік кешен, агробиостанция кіреді.

9.2. Студенттерге академиялық қолдауды келесі құрылымдар қамтамасыз етеді: Қабылдау және рекрутинг офисі, Foundation факультеті, офис-регистратор, дуальды оқыту және карьера орталығы, Kozybayev International Office, кітапхана.

9.3. Студенттерге әлеуметтік қолдауды Студенттермен жұмыс департаменті және «UniMed» клиникасы қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Студенттермен жұмыс департаменті білім алушылармен тәрбие жұмысын жүргізеді. Спорт клубы, театр ұжымдары, музыкалық бірлестіктер және қызығушылықтар бойынша студенттік клубтар білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді.

9.4. Студенттік клубтар студенттік ұйымдар (клубтар) жобаларының конкурсын өткізу туралы Ережеге сәйкес конкурстың нәтижелері бойынша қаржыландырылады.

9.5. Әрбір білім алушы оқудың барлық кезеңі ішінде келесі ақпараттық білім беру ресурстарына жеке шектеусіз қолжетімділікпен қамтамасыз етілген:

- Университеттің ресми сайты;
- Ғылыми кітапхана;
- Электрондық кітапхана;
- ЖОО-ны басқарудың ақпараттық-талдамалық кешені;
- Moodle қашықтан білім беру жүйесі.

9.6. Барлық білім алушылар үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиетті, сондай-ақ, шетелдік және отандық мерзімді басылымдарды қамтитын кітапхананың кітап қорына қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

9.7. Университет студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында Университет оқытушыларының әдістемелік зерттемелерін (силлабустар, оқу-әдістемелік кешені, бейне, электрондық кітаптар, электрондық басылымдар), жоғары сұранымдағы әдебиетті, көп тілділік оқытуға арналған әдебиетті қамтитын Электрондық кітапхананы қалыптастырады және қолдайды. Электрондық кітапхана ресурстарына кашықтан қатынасу тәулік бойы қамтамасыз етіледі.

9.8. Ғылыми кітапхана аясында Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапханасының (РЖООАЭК) ресурстарына, Scopus, Clarivate Analytics, Elsevier, ScienceDirect, Эпиграф, BooKUP электрондық ақпараттық ресурстарына қолжетімділік қамтамасыз етілген.

9.9. Қос дипломды бағдарламаларға қатысатын білім алушылар серіктес шетелдік университеттердің электрондық кітапханалық ресурстарына, оның ішінде ағылшын тіліндегі оқу, ғылыми және анықтамалық материалдарды қамтитын Аризона университетінің Электронды кітапханасына қол жеткізе алады.

9.10. Қашықтық технологияларын қолдану арқылы оқыту LMS «Moodle» қашықтықтан оқыту жүйесі негізінде жүзеге асырылады. Университет білім алушылар мен оқытушылар үшін жүйеге қолжетімділікті кез-келген нүктеден және тәуліктің кез-келген уақытында қамтамасыз етеді.

Жүйеде білім алушылар үшін пәндер бойынша оқу материалы, сондай-ақ, академиялық күнтізбе, жеке жоспар, кесте, білімді бағалау нәтижелері мен жетістіктер, оқу үдерісінің жаңалықтары туралы ақпарат қол жетімді. Жүйе оқу барысында оқытушылармен байланысуға мүмкіндік береді.

9.11. Қос дипломды бағдарламаларға қатысатын білім алушылар Аризона университетінің пәндерін Brightspace (D2L) платформасында оқиды. Аталған платформада курстар, оқу материалдары, тапсырмалар және Аризона университеті оқытушыларымен өзара әрекеттесуге арналған құралдар орналастырылған.

9.12. Оқу үдерісін ұйымдастыру туралы толық ақпарат ЖОО басқарудың ақпараттық жүйесінде ұсынылған және білім алушының жеке логині мен құпиясөзі бойынша университет сайтынан қол жетімді.

Білім алушыларды қолдауды эдвайзерлер жүзеге асырады, олардың негізгі міндеті білім алушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру, студенттік өзін-өзі басқаруға жәрдемдесу және білім алушыларды Университеттің қоғамдық-маңызды және шығармашылық өміріне тарту, білім алушыларды Университетте оқытудың соңғы кезеңінде олардың кәсіби өзін-өзі анықтауы мен кәсіби бейімделуіне жәрдемдесу болып табылады.

9.13. Университет өзінің негізгі мақсаттарын анықтай отырып, студенттік өзін-өзі басқаруды белсенді қолдайды және дамуына ықпал етеді:
- студенттерді оқытудың өзекті проблемаларына қатысты мәселелерді шешуге көмек көрсетуді;
- жастардың ғылыми әлеуетін дамытуға жәрдемдесуді;
- Университеттің беделін көтеруді;
- студенттік ортада салауатты өмір салтын насихаттауды;
- студенттердің бос уақытын ұйымдастыруды;
- студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуды;
- студенттердің Университет өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз етуді.

9.14. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесі Студенттік Үкіметпен, Жастар ісі жөніндегі комитетпен, студенттік кәсіподақ комитетімен, сондай-ақ басқа да студенттік ұйымдармен (клубтармен) ұсынылады.

9.15. Университет басқа қаладан келген білім алушыларды жатақханада тұрудың жайлы жағдайларымен қамтамасыз етеді. Жатақханаға орналастыру белгіленген санитарлық нормаларды сақтай отырып, Жатақханада тұру ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Университетпен ұсынылатын жатақханалар студенттердің тұрмысын ұйымдастыру мен білім алушылардың жан-жақты дамуына арналған барлық қажетті әлеуметтік инфрақұрылыммен жабдықталған. Тұрғын үйге мұқтаж Университет қызметкерлері тұрғын үй комиссиясы туралы ереже негізінде жатақханадағы орындармен қамтамасыз етіледі.

9.16. Университет жан-жақты даму және шығармашылық бастамаларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

9.17. Университет басымдықтарының бірі салауатты өмір салтының мәдениетін қалыптастыру және нығайту болып табылады. Университет ПОҚ пен білім алушылардың спортпен белсенді айналысуы үшін жағдайларды қамтамасыз етеді: ақысыз негізде спорттық-сауықтыру секциялары жұмыс істейді, спорттық және жаттығу залдары, жүзу бассейні, коньки және шаңғы базасы, мини-футбол ойнауға арналған спорттық алаң жұмыс істейді. Университет спортшы-білім алушылардың халықаралық, республикалық, облыстық спорттық жарыстарға қатысуын қолдайды

9.18. Университет студенттерге, қызметкерлерге және Университет зейнеткерлеріне тегін медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. «UniMed» клиникасы келесі

медициналық қызмет түрлерін жүзеге асырады: дәрігерге дейінгі көмек көрсету, шұғыл медициналық көмек, бастапқы диагностика және амбулаториялық ем жүргізу; студенттер мен қызметкерлерге арналған жыл сайынғы профилактикалық медициналық тексерулерді ұйымдастыру және өткізу; санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу.

9.19. Оқу ресурстарын бөлу, жоспарлау және қамтамасыз ету кезінде Университет әр түрлі топтағы білім алушылардың сұранысын ескереді және студентке бағытталған оқытудың беталыстарын назарға алады:
- барлық білім алушылар үшін ақпараттық ресурстар мен электрондық кітапханаға тәулік бойы қолжетімділік қамтамасыз етілген;
- Университеттің инфрақұрылымы мен ақпараттық жүйелердің құрылымы мүмкіндіктері шектеулі білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып жобаланған;
- шетелдік студенттер үшін «Foundation» факультетінің базасында дайындық курстары ұйымдастырылған;
- шетел студенттері үшін әлеуметтік-психологиялық және академиялық қолдау көрсету бойынша іс-шаралар кешенін қамтитын бейімделу бағдарламасы жұмыс істейді.

9.20. Университет әкімшілік-басқарушылық қызметкерлер құрамы мен қолдау қызметінің қызметкерлеріне біліктілікпмен кәсіпқойлықты үнемі арттыруды қамтамасыз етеді.

9.21. Университет тұрақты даму, теңдік және адал басқару қағидаттарын іске асыруды қамтамасыз етеді. Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін Антикоррупциялық саясат, Тұрақты сатып алулар саласындағы саясат, Тұрақты инвестициялау саласындағы саясат, EDI (теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік) және кемсітушілікке жол бермеу саясаты, сондай-ақ Тұрақты даму және климаттың өзгеруімен күрес саясаты әзірленіп, қолданыста бар. Университет GHG хаттамасына сәйкес көмірқышқыл газының шығарылуы туралы есеп дайындайды.

## 10. Ақпаратты басқару

***Шынайы ақпарат шешім қабылдау кезінде қажетті шарт болып табылады. Университет өз қызметінің бағдарламаларымен және басқа бағыттарымен тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинау, талдау және пайдалануға арналған рәсімдерді анықтайды. Университет ақпараттың өлшемділігін, анықтығын, нақтылығын, мерзімділігін және толықтығын қамтамасыз етеді.***

10.1. Сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау үшін Университет келесі әдістер арқылы ақпарат жинау мен талдауды ұйымдастырады:
- ақпараттық жүйелерді әзірлеу, енгізу және пайдалану;
- қызметтің нәтижесіне мүдделі тараптардың талаптарын анықтау;
- мүдделі тараптардың Университет көрсететін білім беру қызметімен қанағаттандырылуын бағалауды жүргізу;
- университеттің сыртқы және ішкі ортасын талдау;
- үдерістердің ішкі аудиттері.

10.2. Университет ақпараттық жүйелер аясында ақпаратты басқаруды қамтамасыз етеді:
- ЖОО-ның ресми сайты http://ku.edu.kz/;
- Жоғары білімнің бірыңғай платформасы ЕПВО https://epvo.kz
- оқу үдерісін басқару бойынша ақпараттық-талдау кешені;
- «Электронды кесте» АБЖ;
- Moodle оқытуды басқару жүйесі;
- Университеттің электрондық кітапханасы;
- кітапхана кешенінің ақпараттық жүйесі мен ресурстары;

- бухгалтерлік есептің «1С Бухгалтерия» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі.
- Бірыңғай кадрлық жүйе.

10.3. Университеттің сыртқы және ішкі ортасын жаһанды талдау Университетті дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеу мен өзектендіру аясында жүргізіледі және оған білім беру мен сыртқы сын-тегеуріндерді дамытудың жаһандық беталысын талдау, тұтынушылар мен бәсекелестердің негізгі топтарын зерттеу, еңбек нарығы мен білім беру қызметін көрсету ерекшеліктерін анықтау, сұраныс параметрлерінің беталысын талдау, Университеттің ағымдағы жағдайын, оның күшті және әлсіз жақтарын, ішкі және сыртқы тәуекелдерін талдау кіреді.

10.4. Ақпарат жинау, мониторинг жүргізу, талдау, алмасу, білім алушылар контингенті, білім алушылардың оқу жетістіктерін сыртқы бағалау нәтижелері туралы статистикалық және анықтамалық есеп беруді қалыптастыру, білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы бұйрықтарды шығаруды Тіркеу кеңсесі жүзеге асырады.

10.5. Еңбекпен қамту үдерісін талдау мен мониторингті Дуалды оқыту және карьера орталығы жүзеге асырады. Түлектерді жұмысқа орналастыру және олардың мансаптық өсуі туралы мәліметтер базасын кафедра қалыптастырады.

Түлектерді жұмысқа орналастыру үдерісін қолдау үшін Университет жұмыс берушілердің қатысуымен жыл сайын Бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастырады. Түлектерді орналастыруды жас мамандарды орналастыру жөніндегі комиссия жүзеге асырады. Шығарушы кафедралар және деканаттар тұрақты түрде түлектермен байланыс жасауды жүзеге асырады және қызметтік өсуі туралы мәліметтерді қалыптастырады.

10.6. Түйінді мүдделес тараптардың тұтынушылығы және алдан күтері білім беру саласының сыртқы нормативтік құжаттамаларына талдау жасау жолынан, бірге іс-шаралар (семинарлар, практика, кездесулер, бірлескен жобалар және т.б.) өткізу кезінде кері байланыс нәтижелерінен, сауалнама қорытындысынан айқындалады. Түйінді мүдделес тұлғалардың тұтынушылығын және алдан күтерін анықтаудың негізгі қайнар көзі Университеттің стратегиялық даму жоспарында белгіленген.

10.7. Мүдделес тараптардың қанағаттарнарлық бағасы жыл сайынғы жоспарлау және әлеуметтік зерттеулер шеңберінде жүзеге асырылып:
- Көрсетілетін білім сапасы туралы жыл сайынғы түлектер сауалнамасын;
- Түлектердің даярлық сапасы туралы жұмыс берушілермен сауалнаманы (екі жылда бір рет);
- Пәндердің оқытылу сапасы туралы білім алушылар сауалнамасын (жылына екі рет);
- Оқу үдерісін ұйымдастыру мәселелері бойынша жыл сайынғы ПОҚ сауалнамасын;
- Қосымша бағыттар бойынша білім алушылар сауалнамасын (мысалы, студенттердің өзін-өзі басқару, ЖОО оқуға бейімделу және т.б. сұрақтар) қамтиды

10.8. Тұтынушылық мониторинг үдерісінде күтілетін нәтиженің сенімді өлшемін және қолданыстағы қанағат тұтарлық құжаттар талдауы, білім беру үдерісінің қатысушыларымен сұхбаттасу, көпшілік және сараптамалық сауал-сұрақтар, сауалнаманы қамтамасыз ететін әлеуметтік әдістер қолданылады.

Әлеуметтік зерттеу нәтижелері респонденттерге жіберіледі, кафедра отырыстарында, академиялық сапа бойынша факультет кеңестерінде, ЖОО ғылыми кеңесінде қарастырылып, түзетушілік іс-шаралар туралы шешім қабылданады.

10.9. Университет түрлі деңгейдегі басқармалар, құрылымдық бөлімшелер, ПОҚ және білім алушылар арасында білім беру сапасын қамтамасыз етуге байланысты аспектілер бойынша ақпарат алмасудың сәйкес үдерістерін қолдануды қамтамасыз етеді. Ондай үдерістерге сайтқа және оның ақпараттық жүйелеріне қолдау көрсету, электрондық

поштаның жұмысы, жеке кабинеттерде ақпарат беру, web-сауалнама жүйесі жатқызылады.

10.10. Ақпаратты талдау барысында қабылданған шешімдер стратегиялық құжаттарда, құрылымдық бөлімшелер мен алқалық органдар мәжілісі хаттамаларында, сондай-ақ, жұмыс бағыттары бойынша іс-шаралар жоспарында тіркеледі.

10.11. Жиналған ақпараттың құрылымы және көлемі, қайнар көздері, мерзімділігі, уақыт аралығы, сенімділігі мен заманауилығы үшін жауапты тұлғалар ішкі нормативтік құжаттамаларда анықталады.

10.12. Ақпараттың сақталуы ақпараттық жүйелерде пайдаланылатын рөлдер мен қызметтерді мәндес бөлумен, вирусқа қарсы бағдарламалардың болуымен, серверлерді жүйелі әкімшілендірумен, серверлерде резервтік көшірме жасау жүйесімен, жайда сервері бар жеке тұлғалардың қатынауына шек қоюмен, жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін серверлермен жайларды техникалық жабдықтаумен қамтамасыз етіледі. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін іс-әрекеттер «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ақпараттық қауіпсіздік туралы Ережемен регламенттеледі.

10.13. Үдерістердің жағдайы туралы ақпаратты жинау мен талдау жоспарланған уақыт аралығы арқылы ішкі аудит шеңберінде сапаны қамтамасыз ету жүйесінің нормативтік құжаттар мен сәйкес стандарттардың талаптарына; жоспарланған іс-шараларына сай екендігін; нәтижелі екендігін, жұмыс күйінде қолданылатынын және жетілдірілетіндігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

## 11. Қоғамды ақпараттандыру

***Университет өз қызметі туралы, оның ішінде білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ақпаратты жариялайды,. Университет әр түрлі топтардың нақты ақпараттық қажеттіліктерін анықтайды және ескереді. Қоғамға берілетін ақпарат айқын, дәл, объективті, өзекті және қол жетімді болып табылады.***

11.1. Университеттің ақпараттық саясаты:
- мәні бар оқиғалар мен жетістіктер туралы бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты ақпарат ағымын қамтамасыз етуге;
- Университет ғалымдарының жаңа бағдарламалар мен жаңашыл әзірлемелерге деген болашақтағы тұтынушыларда қызығушылықты арттыруға;
- жоғары білім, жоғары білімнен кейінгі білім жүйесі мен елді дамытудың ұлттық бағдарламаларын қолдау мен түсіндіруге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған.

11.2. Ақпараттық саясаттың іске асырылуын Университеттің баспасөз қызметі қамтамасыз етеді. Оның функцияларына ақпараттық саясаттың басым бағыттарын айқындау, қолжетімді барлық ақпараттық көздерді пайдалана отырып оны жүзеге асыру жоспарларын әзірлеу, ақпараттың толықтығы мен жеделдігін қамтамасыз ету, қолда бар ақпараттық құралдарды дамыту және жаңа ақпараттық құралдарды іздестіру, сондай-ақ ақпараттық қызметті түзету мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарын мониторингтеу кіреді.

11.3. Университет өз қызметі жайлы жұртшылықты http://ku.edu.kz/ ресми сайты, жергілікті, республикалық БАҚ, «Parasat» студенттік бағдарламасы және аттас газеті, әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандырады.

11.4. Университеттің ақпараттық саясатын жүзеге асыру бойынша негізгі серіктестіктері: Хабар24, Qazaqstan республикалық және облыстық телеарналары, Еуразия бірінші арнасы, Астана, Qyzyljar, МТРК, Бірінші Солтүстік, республикалық және облыстық газеттер Казахстанская правда, Egemen Qazaqstan, Заманауи білім, Солтүстік Қазақстан және Soltustik Qazaqstan, қалалық газеттер Проспект СК, Qyzyljar nury, Неделя СК, республикалық және облыстық ақпараттық агенттіктер KazInform, Tengrinews, 7152.kz, QZ Media, Qazmedia.

11.5. Университет қызметі туралы республикалық және облыстық баспа басылымдарындағы жарияланымдардың мәліметтер базасы СҚУ ғылыми кітапханасының сайтында «Ғылыми кітапхана» - «Ақпараттық қызметтер» - «М. Қозыбаев атындағы СҚУ баспасөзде» бөлімінде http://ku.edu.kz/ сайтында орналастырылған.

11.6. Университет қызметі туралы негізгі ақпарат сайтта келесі бағыттар бойынша орналастырылады: Университет тарихы және жалпы ақпарат, менеджмент, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір, кафедралар мен факультеттер туралы ақпарат.

11.7. Жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар туралы ақпарат ресми сайттағы «Оқыту» тарауында орналастырылады және білім берудің күтілетін нәтижелері, білім беру саласы, даярлау бағыты, білім беру бағдарламаларының тобы, атауы, аккредиттеу туралы ақпарат, білім беру бағдарламасының түрі мен мақсаты, білім деңгейі, берілетін дәреже, кәсіптік қызмет саласы, лауазымдар мен кәсіптік қызмет түрлері мен объектілерінің тізбесі, бағдарламаның ерекшеліктері, оқыту нысаны мен тілі, кредиттер/сағаттар көлемі, білім алушыларға қойылатын талаптар, бағдарлама менеджері, олардың негізінде білім беру бағдарламасы әзірленген кәсіби стандарт/салалық біліктілік шеңбері туралы деректерін қамтиды.

11.8. Оқу үдерісін, білім бағасын, өту балдарын, қосымша қызмет ұсынудың нормативтік құжаттары «Нормативтік құжаттар тізімі» тарауында орналасқан және білім алушылар мен оқытушыларға қол жетімді.

11.9. Білім беру бағдарламасы түлектерінің жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат «Оқыту» тарауына орналастырылған.

11.10. Сайттағы ақпарат Университеттің ақпараттық жүйелерінен біріктіріліп, нақты уақытта жаңартылады және абитуриенттер, білім алушылар, академиялық құрам, әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы сияқты қолданушылар тобына арналады.

11.11. Ақпараттық сайтты басқаруды Стратегия және даму департаменті мен Цифрландыру департаменті жүзеге асырады. Шығатын ақпаратты басқару тәртібі, қолжетімділік деңгейіне қойылатын талаптар сайт жөніндегі Ереже мен ақпаратты жаңартудың жоспар-кестесімен анықталады.

Тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптардың сеніміне кепіл беретін ақпараттық қауіпсіздік рөлдер негізінде қол жеткізуді басқару, резервтік көшіру жүйесі, серверлер бар орындарға жеке тұлғалардың қол жеткізуін шектеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Сайтты басқару тиімділігі іздестіру жүйелерінің көрсеткіштері мен білім беру мекемелері сайттарының халықаралық рейтингісінің жүйелі мониторингісімен анықталады.

11.12. Университеттің өз студенттік телестудиясы бар, ол Университеттің қызметі туралы «Parasat» атты апта сайын шығатын бағдарламаны қазақ және орыс тілдерінде облыстық эфирге және Интернетке таратады. Жаңалықтар ай сайынғы «Парасат» студенттік газетінде көрсетіледі.

11.13. Ғылыми зерттеулер нәтижесін басып шығару «М.Қозыбаев атындағы СҚУ хабаршысы» баспа журналы арқылы жүзеге асырылады.

11.14. Университет әлеуметтік желілерде ресми аккаунттармен ұсынылған
Facebook: @kozybayevuniversity
Instagram:@ kozybayevuniversity
VKontakte: @kozybayevuniversity
Telegram: @kozybayevuniversity
TikTok: @ kozybayevuniversity
Youtube: KUtv

11.15. Ақпараттық саясат Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорының қоғам алдындағы қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есебін қамтиды.

11.16. Университет Жалғыз акционерге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және/немесе уәкілетті ұйымдарға және өзге де тұлғаларға олардың мүдделерін қозғайтын Университет және оның қызметі туралы қажетті ақпаратты уақтылы ұсынуды, Университеттің ақпараттық ашықтығын арттыруды және Университет пен ақпарат алушылар арасында нақты ақпараттық ағымды белгілеуді қамтамасыз етеді.

Ақпаратты ашу Университеттің ресми сайты http://ku.edu.kz/ және Қаржылық есептілік депозитарийі арқылы жүзеге асырылады.

## 12. Бағдарламалардың тұрақты мониторингі мен кезеңдік бағалануы

***Университет білім беру бағдарламаларын мониторингілеудің, мерзімдік бағалаудың және қайта қараудың рәсімдерін олар өз мақсаттарына жететінін және білім алушылардың және қоғамның қажеттіліктеріне жауап беретін кепілдендіру үшін анықтайды және дәйекті түре қолданады. Университет білім алушылар мен жұмыс берушілердің, басқа стейкхолдерлердің бағдарламаларды бағалау және қайта қарауға қатысуын қамтамасыз етеді. Университет бұл үдерістердің нәтижелері тұрақты жетілдіру үшін қолданылатынына кепілдік береді. Университет барлық өзгерістердің жариялануын қамтамасыз етеді.***

12.1. Университет білім беру бағдарламаларының тұрақты мониторингі, мерзімдік бағалауы және қайта қарастыруы оларды тиімді жүзеге асыру және білім алушылар үшін ыңғайлы білім алу ортасын қалыптастыруды қамтамасыз етуді мақсат етеді.

12.2. Университет пен білім беру бағдарламалары мониторингін жүргізу мен қайта қаралу тәртібі анықталды. Аталмыш рәсімдер үшін негіздеме болатындар:
- жаңа кәсіби стандарттарды қолданысқа енгізу;
- сауалнама немесе шығарушы кафедралармен бірлесе шаралар өткізу нәтижелері бойынша тұжырымдалған жұмыс берушілер ұсыныстары;
- аттестациялық комиссияның төрағаларының ұсынымдары;
- Университет ПОҚ-ының арнайы ғылым саласы мен заманауи педагогикалық жұмысындағы ғылыми-зерттеу нәтижелері;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын нормативтік талаптардың өзгеруі.

12.3. Білім беру бағдарламасын жетілдіру келесі рәсімдерді қамтиды:
1) Жұмыс берушілерді тарта отырып, элективті пәндер каталогын жыл сайынғы сараптамалау және кеңейту.

2) Стейкхолдерлермен білім беру бағдарламаларын жетілдіруге бағытталған кері байланыс жасау (дөңгелек үстелдер, өндірістік практика бойынша қорытынды конференциялар, біріккен ғылыми-әдістемелік семинарлар).

3) Академиялық қызмет департаменті деңгейінде білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мониторингі.

4) Негізгі стейкхолдерлермен білім беру бағдарламасының сапасын бағалау:
- білім алушылармен әрбір академиялық кезеңнен кейін білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға қатысы бар ПОҚ педагогикалық жұмысының бағалануы;
- білім беру бағдарламасының сапасы, оқу ортасы мен қолдау қызметі жөнінде түлектермен жыл сайынғы сауалнама;
- түлектердің дайындық сапасы бойынша жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу (екі жылда бір рет);
- түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижесін, мансаптық өсуін жыл сайынғы жинау және талдау;
- ПОҚ-тың өзара сабаққа қатысуы мен ашық сабақтарын ұйымдастыру.

5) Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау:
- аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау;
- алқалық органдардың мәжілісінде үлгерім нәтижелерін қарастыру;
- аттестациялық комиссияның жұмысы аясында білім алушылардың дайындық сапасын талдау.

Оқу нәтижелерін талдау барысында бағалау критерилерінің күтілетін оқу нәтижелерімен сәйкестігі, бағалау материалының мазмұнының пәннің мақсаты мен міндетімен сәйкестігі, бағалау рәсімінің тиімділігі.

6) Сапаны қамтамасыз етудің сыртқы рәсімдерінің нәтижелерін талдау.

7) Білім беру бағдарламасының мониторингісі мен бағалаудың жалпы нәтижелерін қарастыру, бағыттар бойынша Академиялық комитеттерді жақсарту бойынша шаралар әзірлеу.

8) Білім беру бағдарламаларының мониторингісі, оларды бағалау мен жетілдіру үдерісі факультет деканының жауапкершілігінде болып табылады және Академиялық қызмет департаментімен қадағаланады. Білім беру бағдарламалары өзгеруінің құжат түріндегі куәліктері:
- алқа органдарының шешімдері;
- білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары;
- алқа органдарының шешімдері негізінде жаңартылған әдістемелік қамтылулар;
- іс-шаралардың хаттамалары;
- Академиялық комитеттің білім беру бағдарламаларына жүргізілген мониторингісі мен бағалаулары нәтижелері туралы жыл сайынғы баяндамасы болып табылады.

12.4. Академиялық комитеттің білім беру бағдарламаларына жүргізілген мониторингісі мен бағалаулары нәтижелері туралы жыл сайынғы баяндамасын өткізудің негізгі мақсаттары:
- білім беру бағдарламасын бағалау мен оны жетілдіруге көмек көрсету;
- білім беру бағдарламасына қойылған сыртқы талаптардың өзгергендігі жайлы ақпарат беру;
- білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын басқа ұйымдармен ой-тұжырымдардың алмасуын қолдау;
- қазақстандық және шетелдік ЖОО білім беру бағдарламаларының мазмұнын үйлестіру;
- білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын ПОҚ-тың біліктілігін арттыру бағыттарын анықтау;
- сапаны қамтамасыз етудің сыртқы процедураларын өту бойынша ұсыныс беру;
- білім беру бағдарламаларын дамыту үшін стойкхолдерлермен кері байланыс түрлері мен мазмұнын анықтау;
- одан әрі кеңінен тарату үшін үздік тәжірибе мысалдарын анықтау болып табылады.

## 13. Сапаны кезеңдік сыртқы қамтамасыз ету

***Университет әрдайым әр түрлі форматтарда сапаны сыртқы қамтамасыз етудің рәсімдеріне қатысады. Университет қоғамды сырттай бағалаудың нәтижелері туралы ақпараттандыруға кепілдік береді және оларды білім беру бағдарламаларын және қызметтің барлық түрлерін жетілдіру үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.***

13.1. Университет үнемі түрлі үлгідегі сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдеріне қатысады:
- лицензиялау;
- институциялық және мамандандырылған аккредиттеу;
- ЖОО институциялық рейтингі және білім беру бағдарламаларының рейтингі.

Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдері Университет ішінде сапаны қамтамасыз ету үдерістерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Олар жаңа мүмкіндіктерді дамыту мен жүзеге асырудың катализаторлары болып табылады.

13.2. Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдері келесі іс-әрекет алгоритмі арқылы жүзеге асырылады:
- Университет басшылығымен сыртқы бағалау рәсімдерінен өту туралы шешім қабылдау;
- сыртқы бағалауға дайындық туралы бұйрық шығару;
- өзін-өзі бағалау жүргізу және сыртқы бағалау рәсімдерін ұйымдастыру бойынша жұмыс тобын құру;
- сыртқы бағалау процедурасы талаптарының сәйкестігіне қызметті өзін-өзі тексеру мен өзін-өзі бағалауды өткізу;
- өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есеп жасау;
- сыртқы бағалау рәсімдерін ұйымдастыру.

13.3. Университет сапаны сыртқы қамтамасыз етудің әр рәсімдерін аяқтағаннан кейін сапаны қамтамасыз етудің үздіксіз үдерісін қолдай отыра, қызметті жетілдіру бойынша шаралар жоспарын жасайды және жүзеге асырады.

Университет сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінің соңғы қол жеткізген прогресстің келесі процедураға дайындалу кезінде назарға алынуына ұмтылады.

13.4. Университет үнемі білім беру бағдарламаларын аккредиттеу процедурасын жүзеге асырады, соның ішінде мемлекеттік деңгейде.

13.5. Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінің нәтижелері ЖОО ресми сайтының «Сыртқы тексеріс нәтижелері» бөліміне орналастырылады.

*Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың Ғылыми кеңесімен 2025 жылдың 7 қарашада бекітілді, № 8 хаттама.*

**НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М. КОЗЫБАЕВА»**

# ПОЛИТИКА И СТАНДАРТЫ
## внутреннего обеспечения качества
## СКУ им. М. Козыбаева

**Петропавловск, 2025**

# ПОЛИТИКА И СТАНДАРТЫ ВНУТРЕННЕГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ КАЧЕСТВА

## 14. Введение

14.1. Политика внутреннего обеспечения качества отражает общие подходы, ключевые принципы и основные механизмы, установленные в СКУ им. М. Козыбаева по обеспечению качества и развития культуры непрерывного совершенствования качества.

14.2. Политика является частью стратегического менеджмента и рассматривается вместе с другими документами: миссией, стратегическим планом, академической политикой, стандартами внутреннего обеспечения качества Университета.

14.3. Политика и стандарты внутреннего обеспечения качества являются основой логически выстроенной и последовательной внутренней системы обеспечения качества Университета. Система представляет собой цикл постоянного совершенствования и поддерживает развитие культуры качества на всех уровнях функционирования Университета.

14.4. Политика внутреннего обеспечения качества имеет следующие цели:
- определяет общую структуру внутренней системы обеспечения качества образования;
- способствует обеспечению и совершенствованию качества образования;
- поддерживает взаимное доверие и содействует признанию учебных результатов и мобильности обучающихся за рамками национальной системы образования;
- предоставляет информацию по обеспечению качества в образовательное пространство Казахстана и Европейское пространство высшего образования.

14.5. Политика внутреннего обеспечения качества СКУ им. М. Козыбаева отражает связь между научными исследованиями, преподаванием, обучением и учитывает, как национальный, так и внутривузовский контекст.

14.6. Политика реализуется посредством процессов и стандартов внутреннего обеспечения качества, которые предполагают участие всех подразделений Университета.

14.7. Политика и стандарты имеют официальный статус и доступны широкой общественности на сайте Университета http://ku.edu.kz/.

14.8. Политика реализуется, контролируется и пересматривается в соответствии с изменяемыми требованиями.

## 15. Определения

15.1. **Качество образования** – комплексная характеристика образовательной деятельности и подготовки обучающегося, выражающая степень их соответствия государственным общеобязательным стандартам образования, профессиональным стандартам и потребностям основных стейкхолдеров, а также степень достижения планируемых целей и результатов образовательной программы.

15.2. **Обеспечение качества** – процесс создания определенных условий и выделение необходимых ресурсов, обеспечивающих соответствие содержания образовательных программ, образовательных возможностей и средств установленным целям и требуемому уровню качества.

